

**"Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты әкімшілік ғимаратының дирекциясы"
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 наурыздағы N 283 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қызметтік ғимаратын пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты әкімшілік ғимаратының дирекциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қызметтік ғимаратын пайдалануға, оған және оның аппаратына көліктік қызмет көрсетуге, жабдықтау функцияларына байланысты қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты" мемлекеттік мекемесін Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы етіп белгілеу туралы ұсынысымен келісілсін.

4. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты (келісім бойынша) заңнамада белгіленген тәртіппен:

Кәсіпорынның жарғысын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің бекітуіне енгізсін;

Кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін; осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі